

гибридті байланыспен жазық немесе жазықтау келеді. Мұндай құрылымдарда көршілес топтардың карбений ионының бос р-орбиталымен әрекеттесуі зарядты делокализациялау арқылы ионды тұрақтандыруға үлес қосады. Ол гиперконъюгация жолымен, деформацияланған байланыстардың конъюгациялану жолымен немесе электронды жүйемен алкилді тұрақтандыру жолымен бөлінбеген электрондық жұбы бар атомдар арқасында болуы мүмкін.

Алкилді топтардың тұрақтандыру әсері гиперконъюгацияның және индукциялық эффектiнiң (+J) бiрiгy нәтижесiнде болады.

6-кесте.

Термиялық және каталитикалық крекинг процестерін салыстырмалы бағалау

	Термиялық крекинг	Каталитикалық крекинг
<i>Процесс шарттары</i>		
Температура, °C	470 – 540	450 – 525
Қысым, МПа	2,0 – 7,0	0,06 – 0,14
<i>Алынатын өнімдердің және мұнайдың бөлек компоненттерін крекингтегенде өтетін реакциялардың сипаттамасы</i>		
н – Гексадекан	Негізгі өнімдер–C ₂ көмірсутектері. Көп мөлшерде CH ₄ түзіледі. C ₄ -C ₁₅ олефиндері. Тармақталған тізбекті өнімдер жоқ	Негізгі өнімдер - C ₃ -C ₆ көмірсутектері. C ₄ жоғары олефиндер жоқ. Тармақталған тізбекті парафиндер
Алифаттық көмірсутектер	500 ⁰ C ароматтық көмірсутектердің шамалы мөлшері	500 ⁰ C ароматтық көмірсутектердің мағыналы мөлшері
Нафтендер	Сәйкесті парафиндерден гөрі крекинг баяулау жүреді	Крекинг жылдамдығы сәйкесті парафиндердікіндей
Алкил ароматтық көмірсутектер	Крекинг тек қана бүйірдегі тізбектерде өтеді	Диалкилдеу реакциясы басымдау